

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**



«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің
31 наурыздағы 2022 жылы
шешімімен БЕКІТІЛДІ.
№3 хаттама
Директорлар кеңесінің **Төрағасы**
Г.И. Исимбаева

Handwritten signature of G.I. Isimbayeva



**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БАСҚАРМА
МҮШЕЛЕРІНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ СЫЯҚЫ БЕРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Алматы, 2022

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік Қоғамының Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, басқа да заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерге және «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Қоғам).

1.2. Осы Ереже Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректордың (бұдан әрі – Төраға), Басқарма мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру мәселелеріндегі негізгі тәсілдерді айқындайды.

2. Еңбекке ақы төлеу шарттары мен тәртібі

2.1. Басқарма Төрағасының, мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшері Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады.

2.2. Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелері Қоғамдағы педагогикалық және ғылыми қызмет үшін айналысуға және қосымша табыс алуға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

2.3. Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне жалақы төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақшалай нысанда айына кемінде бір рет, келесі айдың 10-күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.


2.4. Төлем күні демалыс немесе мереке күндеріне тура келген кезде төлем қарсаңында жүргізіледі.


3. Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлемінің мөлшері мен шарттарын есептеу тәртібі

3.1. Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің өндіріс тиімділігін, жұмыс сапасын арттыруға мүдделілігін күшейту үшін осы Ережеде көзделген шарттар, негіздер және тәртіп бойынша жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу жүргізіледі.

3.2. Бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы қызмет төлемдері қол жеткізген табыстары мен жұмыс тиімділігін арттыру үшін материалдық көтермелеу мақсатында жұмыс нәтижелеріне қарай төленеді, тұрақты сипатта болмайды және орташа жалақыны есептеу кезінде ескерілмейді.

3.3. Бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлемдері Қоғамның Даму жоспарында осы мақсаттарға көзделген ақша қаражаты шегінде төленеді. Сыйақылар есепті кезең үшін аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін төленеді.

 Габулмалик А. К.

 Исанов К. Т.

3.4. Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелері үшін жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы мөлшері Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады.

3.5. Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу тиісті лауазым бойынша нақты жұмыс істеген уақытына тепе-тең есептеледі. Сыйақыны есептеу үшін кезекті еңбек демалысында болу уақыты (жұмыс күндері), қызметтік іссапарда (оның ішінде біліктілікті арттыру курстарында) болу кезеңі нақты жұмыс істелген уақытқа енгізіледі.

3.6. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымы (оның лауазымдық айлықақысы) өзгерген кезде сыйақы мөлшері әрбір лауазымдық позиция (лауазымдық айлықақының әрбір мөлшері) үшін осы позицияда жұмыс істеген уақытқа пропорционалды түрде жеке есептелген сыйақылар мөлшерінің сомасы ретінде айқындалады (осы айлықақымен).

3.7. Басқарма Төрағасы мен мүшелері үшін жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу үшін төмендегідей шарттар негіз болып табылады:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне сәйкес қаржылық нәтиженің оң болуы;

2) тиімділіктің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу (KPI).

3.8. Есепті жылы Басқарма Төрағасы мен мүшелерінде тәртіптік жазалар болған жағдайда, олардың алынуына немесе болуына қарамастан, сыйақы төленбейді.

3.9. Сыйақы сомасын төлеу үшін осы Ережеде белгіленген жағдайлар орындалған кезде оны Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне төлеу жөніндегі шешім мынадай тәртіппен қабылданады:

1) тұрақты немесе мерзімді сипаттағы сыйақыларға күтілетін шығыстар есепті кезеңнен кейінгі ағымдағы жылдың еңбекақы төлеу қорының қаражатынан сыйақы төлемі болған кезде есепке алынады. Кезең ішіндегі сыйақылар есептеу үшін база ретінде жоспарлы деректер пайдаланылады;


2) Қоғамның экономикалық жоспарлау және талдау басқармасы Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыны есептеуді жүзеге асырады және Директорлар кеңесіне сыйақының ықтимал мөлшері туралы ақпарат береді;


3) Қоғамның Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы мөлшерін айқындау мәселесі бойынша шешім қабылдайды.

3.10. Директорлар кеңесіне қажетті шешім қабылдау үшін берілетін ақпарат сыйақы төлеу үшін жағдайлардың бар екендігі туралы нақты ұсынысты қалыптастыру үшін жеткілікті болуға тиіс.

3.11. Сыйақы төлеудің негізгі шарты аудиттелген қаржылық есептіліктің деректері бойынша сыйақы төлеу үшін жоспарланған соманы ескере отырып есептелген есепті жыл үшін пайданың болуы болып табылады.

3.12. Есепті кезеңде кемінде 3 (үш) ай нақты жұмыс істеген Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелері бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы алу құқығына ие болады.

 (Табірешина)

 (Исакья)

3.13. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің жүктілігі және босануы бойынша демалыста, бала үш жасқа толғанға дейін оны бағып-күтуге арналған жалақысы сақталмайтын демалыста, сондай-ақ жаңа туған баланы (балаларды) асырап алу, ауруханаға жатқызу (операция, ауыр сырқат), амбулаториялық емдеу кезеңінде, сондай-ақ егер ауру тізбеге енсе Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін еңбекке жарамсыздықтың неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленген аурулар нақты жұмыс істелген уақытқа кірмейді. Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу нақты жұмыс істеген уақыты үшін ғана жүргізіледі.

3.14. Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы төлеу заңнамада көзделген аударымдар мен салық төлемдері шегеріле отырып жүргізіледі.

4. Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау

4.1. Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің қызметінің тиімділігін бағалау рәсімі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) тұтас алғанда қоғамға жүктелген міндеттерді орындау сапасын арттыруға, қоғам қызметінде жоғары оң нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған олардың еңбек қызметінің сапалық және сандық көрсеткіштерін қою;

2) КРІ тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін бекіту;

3) нәтижелілік мониторингі;

4) нақты нәтижелілікті есептеу және бекіту.

4.2 КРІ тиімділігінің негізгі көрсеткіштері осы Ереженің қосымшасына сәйкес бекітіледі.

Есепті кезеңнің аяқталу қорытындылары бойынша Басқарма Төрағасы мен мүшелері КРІ көрсеткіштерінің есебін нақты мәндерімен толтырады және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына жібереді.

КРІ есептерін Басқарма Төрағасы мен мүшелері Директорлар кеңесінің бекітуіне есепті жылдың 31 мамырынан кешіктірмей шығарады.

4.3. Қоғам Басқармасы КРІ әзірлеуге және түзетуге қатысты мәселелерді уақтылы қарауға жауапты.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері жауапты:

1) КРІ нысаналы көрсеткіштерінің нәтижелілігін уақтылы және дұрыс есептеу және растайтын құжаттарды ұсынуға;


2) Директорлар кеңесін КРІ түзету талап етілетін мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуге;


3) табыстар туралы ақпаратты жария еткені үшін.

4.4. Басқарма Төрағасы мен мүшелері үшін КРІ көрсеткіштерін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

4.5. КРІ көрсеткіштерін түзетуді Директорлар кеңесі жүзеге асырады, бірақ жылына бір реттен жиі емес.

4.6. Директорлар кеңесі қызметке бағалау жүргізеді және кейіннен сыйақы төлеу немесе төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін ұсынымдар дайындайды.

 (Табдыршина)

 (Усакова)

5. Кепілдіктер, өтемақылар және әлеуметтік қамсыздандыру

5.1. Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне өтемақы және әлеуметтік төлемдер заңнамада, осы Ережеде және еңбек шартында көзделген тәртіппен және мөлшерде жүзеге асырылады.

5.2. Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде сауықтыруға арналған жәрдемақы қаржы жылы ішінде бір рет 2 (екі) лауазымдық айлықақы мөлшерінде төленеді.

5.3. Сауықтыруға арналған жәрдемақыны алғашқы төлеу Басқарма Төрағасы мен мүшелері лауазымға тағайындалған күннен бастап 12 (он екі) ай өткен соң жүргізіледі. Кейіннен жәрдемақы бір лауазымнан басқа лауазымға ауысуына қарамастан күнтізбелік жылда бір рет төленеді.

5.4. Қоғам қызметкері Қоғам Басқармасының мүшесі болып сайланған немесе Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымы және/немесе лауазымдық жалақысы өзгерген кезде сауықтыруға арналған жәрдемақы қаржы жылы ішінде бір рет төленеді. Бұл ретте жәрдемақының мөлшері жыл сайынғы еңбек демалысы берілген кездегі лауазымдық жалақысына байланысты айқындалады.

5.5. Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне Қоғамның ағымдағы қаржы жылына арналған Даму жоспарында көзделген қаражат есебінен, растайтын құжаттардың көшірмелері негізінде бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде материалдық көмек төмендегідей жағдайларда көрсетілуі мүмкін:

1) зейнет жасына толуына байланысты (Қоғамға жұмысқа қабылданған күніне зейнетақымен қамсыздандырылуы бар қызметкерлерді қоспағанда,) және Қоғамда кемінде 3 жыл жұмыс істеген қызметкермен еңбек шартын бұзу;

2) Басқарма Төрағасының, мүшесінің қайтыс болуына байланысты отбасы мүшелерінің біріне немесе олар болмаған жағдайда жерлеуді ұйымдастыруды өзіне алған адамға салықтар ұсталғаннан кейін төлем жасалғанда;

3) қызметкерде бір мезгілде екі және одан да көп бала туғанда;

4) қызметкердің жұбайы (зайыбы), ата-анасы немесе балалары қайтыс болған жағдайларда;

5) Басқарма Төрағасының, мүшесінің ауыр науқастануына, емдеу және операция жүргізу, амбулаториялық емдеу қажеттілігіне байланысты (арудың сипаты мен ауырлық дәрежесі туралы қорытынды берген кезде) жүргізіледі.


5.6. Басқа қаладан келген Басқарма Төрағасына және Қоғам Басқармасының мүшелеріне Қоғаммен еңбек қатынастары кезеңінде тұрғын үй жалдау үшін шығындар төленуі мүмкін.


5.7. Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында еңбек заңнамасына сәйкес әлеуметтік қолдаудың өзге де нысандары көрсетілуі мүмкін.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

6.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын және (немесе) Қоғам Жарғысын өзгерту нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары оларға қайшы келетін болса, онда мұндай нормалар күшін жояды, ал Ережеге өзгерістер немесе

 (Табдулшина)

 (Исакова)

толықтырулар енгізілгенге дейін Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және Қоғамның Жарғысын басшылыққа алады.

№	Қаржы қоры	Қаржы		Тармақ		Қаржы қоры	
		Қаржы	Қаржы	Қаржы	Қаржы	Қаржы	Қаржы
1	Қаржы қоры						
2	Қаржы қоры						
3	Қаржы қоры						
4	Қаржы қоры						
5	Қаржы қоры						
6	Қаржы қоры						
7	Қаржы қоры						
8	Қаржы қоры						
9	Қаржы қоры						
10	Қаржы қоры						

Табришова

Исаева